

"Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 217 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 6 сәуірдегі № 94 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 сәуірде № 6150 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабының 2-тармағына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 "Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 217 "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3266 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 шілдеде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативі" қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Түркістан облысы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны "Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулыны оны ресми жарияланғаннан кейін Түркістан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ұ.Тәжібаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Ө. Шөкеев

А.Ш. Жетпісбай

Ә.Е. Тұрғымбеков

С.А. Қалқаманов

М.И. Мырзалиев

А.С. Сабитов

Ұ.Қ. Тәжібаев

Қ.А. Қайыпбек

А.Б. Тасыбаев

"Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" Түркістан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 217 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2021 жылғы "_____" №_____
қаулысына

Түркістан облысы әкімдігінің
2021 жылғы "6" сәуірдегі
№ 94 қаулысына
қосымша

Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативі

Сатып алынған сүт үшін, теңге/литр	Сары май өндіру үшін	Қатты ірімшік өндіру үшін
	33	30

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК